Мақтаарал Аграрлық Колледжі

# КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТІ газеті

№1
28.09.22ж

**Мен жанбасам лапылдап, сен жанбасаң лапылдап, біз жанбасақ лапылдап, аспан қалай ашылмақ.**

Сәлем жас достар!
Колдарыңызда 2022-2023 оқу жылына арналған қыркүйек айының нұсқасы. Газет айына бір рет шығарылады.
Жастар біз сіздердің ұсыныстарыңызды қабылдаймыз.

## "ҚЫЗЫҚТЫ КӨҢІЛ, СТУДЕНТТІК ӨМІР!"

### «1 - ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ!»

Колледжде «Білім күніне» арналған «1 қыркүйек – Білім күні!» атты салтанатты жиын өткізілді. Колледж ұжымы Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранын орындап, колледж ұстаздары білім алушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.






### «СТУДЕНТТІК ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР»

Мақтаарал аграрлық колледжінде «Студенттік қызық мол жылдар» атты студенттер қатарына қабылдау және танысу кеші өткізілді.
Ел тілегін ертеңіне апарар жастар, тәуелсіз Қазақстан Республикасының шынайы патриоттары болуға салтанатты түрде ант берді. Ұстаздар жастарға ізгі тілектерін айтып, салтанатты түрде «Үлгерім кітапшасын» табыстады. Қызықты кеш жастардың әсем әні мен қалықтаған тамаша биіне ұласты.








### БАҚЫТЫҢ ДА, БАЙЛЫҒЫҢ ДА – ДЕНСАУЛЫҚ!






Мақтаарал аграрлық колледжінің ұжымы 7 қыркүйек – Денсаулық күніне орай «Алпамыс батыр» спорт кешенінде «Бақытың да, байлығың да – денсаулық!» атты денсаулық фестивалін өткізді. Шараға «Атакент» ауруханасының мамандары, Мақтаарал аудандық Жастар ресурстық орталығының инспекторы Мұсылман Нұркен қатысып, жастарға ізгі тілектерін айтты. Денсаулық фестивалі аясында колледж ұжымы жаппай дене жаттығуларын орындап, «Арқан тарту», «Жүз метрге жүгіру», «Кермеге тартылу», «Гір тасын көтеру» спорттық ойын түрлерінен сайыстар өткізілді.






MAQTAARAL AGRARLYQ KOLLEDJI

### СТУДЕНТТЕР ҮЙІ




### ДОС КӨБЕЙСЕ–ЖОЛКӨБЕЙЕДІ

Колледж жатақханасында
ашық аспан астында танысу кеші өткізілді.
Кеш жатақхана тұрғындары дайындаған
концерттік бағдарламамен басталып,
қызықты ойындар ойнатылып,
дастархан басында қызықты әңгімеге ұласты.




